

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## Аққала

ЖАРИЯЛАНДЫ  
16.11.2019СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/63126/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Күні:** 16.01.2019 жыл**Тобы:** «Ертөстік»**Білім беру саласы:** Шығармашылық**Бөлімі:** Мүсіндеу, Құрастыру, Жапсыру**Тақырыбы:** Аққала

**Мақсаты:** Аққаламен таныстыру, аққаланың жасалу жолдарын көрсету, ермексазды пайдаланып, әртүрлі көлемдегі домалақтар жасау және оларды өзара біріктіруді үйрету, табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру, табиғатты аялауға тәрбиелеу. Саусақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Балалардың тілін дамыту және сөздік қорын молайту.

**Көрнекіліктер, қажетті құрал-жабдықтар:** қыс көрінісі, үлестірмелі материалдар, ақ түсті ермексаз, мүсіндеуге арналған тақтайша, ермексаз кесетін құрал, тұз, тіс пастасы, аққала суреті, фетрадан жасалған кітап.

**Қолданылған технология:** «Тәй -тәй технологиясы». АКТ

терапиясы

**Әдіс - тәсіл:** Дәстүрден тыс әдіс-тәсілдер

**Билингвальды компонент:** шана-санки-sledge, аққала- снеговик-snowman.

Оқу іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеттері	Балалардың іс-әрекеттері
<b>Мотивациялық -қозғаушылық</b>	<p>Балалар бүгін бізге көп апайлар қонаққа келді. Қане апайлармен сәлемдесейік.</p> <p>-Сәлеметсіздер ме!</p> <p>-Здравствуйте!</p> <p>-Good morning (балалар амандасады)</p> <p>— Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?</p> <p>-Қыс мезгілінде неше ай бар?</p> <p>Аққала жайлы мультфильм көрсетіледі.</p> <p>— Балалар, сендердің ақылды, алғыр екенсіңдер мен сендерге жұмбақ жасырамын. Мені ешкім өсірген жоқ Қыста ғана боламын Көздерім қара көмірден Мұрным менің сәбізден Суықпын, аппақпын Мен кім екенмін?</p> <p>Ғажайып сәт: Аққала кіреді.</p>	<p>Балалар апайлармен үш тілде сәлемдеседі.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Желтоқсан, Қаңтар, Ақпан,</p>

<b>Ұйымдастырушылық-ізденістік</b>	<p>— Дұрыс, бүгін біз оқу қызметімізде қыс туралы, аққала жасауды білеміз. Бүгін біз 4 белсенді орталықтармен жұмыс жасайтын боламыз. <b>«Өнер», «Үстел-үсті», «Зерттеу», «Құм мен су»</b> орталықтары.</p> <p><b>«Өнер» орталығында</b> Мақсаты: көпіршік арқылы аққала жасау, қағаз бетіне аққаланы жапсыру, көк қағаз бетіне аққаланы губкамен бастыру, ермексазбен аққала мүсінін жасайды, қолдан жасалаған қар мен аққала құрастыру .</p>	Балалар тәрбиешіні тыңдайды.
	<p><b>«Үстел-үсті» орталығында</b> Дидактикалық ойындар ойнайды. Фетрадан жасалған қорапшаны ашып ішіндегі тапсырмаларды орындайды.</p>	Балалар белсенді орталықтарға таратылған текше арқылы бөлінеді.
	<p><b>«Зерттеу» орталығында</b> Мұзды, қарды, зерттейді.</p>	Балалар көпіршік арқылы мақталы таяқшамен қағаз бетіне аққала салады, қағаз бетіне аққаланы жапсырады, қардан аққаланың мүсінін құрастырады.
	<p><b>«Құм мен су» орталығында</b> Ақ түске боялған тұзды беріледі. Балалар өз қиялындарынан сурет салады.</p>	Балалар дидактикалық ойындар ойнайды.
	<p>Балалардан қай орталықта болғандарын сұрау. Сергіту сәті</p>	Мұзды, қарды зерттейді.
	<p><b>Аққала әні</b>  1. Қыздырайық ойынды  Көрсін бізді кең далам  Суық салмас бойымды  Билесең шыр айнала  <b>Қайрмасы:</b>  Кел, достарым, келіңдер  Би билейік шаттана  Үйреніңдер көріңдер,  Қардан соқтық аққала, аққала  2. Денеміз бар ақ қардан  Мұрнымыз сәбізден  Қалпағымыз шелектен  Көзіміз бар көмірден.</p>	Балаларға боялған тұзды беріп өз қиялдарынан қыс мезгілін салады.
	<p>Балаларды қалаған орталықтарына барып жұмыс жасауға бөлу.</p>	Балалар жаппай орындайды.

**Рефлексия-қорыту**

Балалар аққала жайлы тақпақ айтады.

**Аққала:** Ой, бәрекелді балалар сендер білімді, ақылды балалар екенсіңдер. Сендерге сыйлығым бар.  
— Бүгінгі оқу қызметін балаларды марапаттап, мадақтап оқу қызметін қорытындылау.

Көне шелек басында,  
Сыпырғышы  
қолында.  
Мүз айдынға ойнауға.  
Келгендей ақ бұл  
мұнда.

Сағадат

Қар жауғанда топ  
бала  
Соқты келіп аққала.  
Мұрны сәбіз, үп үшкір  
Көзі көмір қап қара.

Ақзер

Аққала мен ақ бала  
Сырғанаиды  
сырғанақта  
Жаздым тақпақ  
бөріне,  
Ақ құс сұлу ақ өлең,  
Ақ бала жасады  
аққала  
Ақ қар жатыр далада.  
Әли

Айналама қарасам  
Қар жауып тұр  
далада  
Аққала жасап  
ойнадық,  
Балалар жүр далада.

Нұрәли

Балалар шықты  
далаға.  
Ойнап, күліп жүр  
енді,  
Шаналармен озады  
Аққаланы соғады.

Айару

Аппақ ұлпа қары бар  
Қаңтардың өзі сәні  
бар,  
Айналаңа құлақ тұр  
Болсаң егер ән ұғар.  
Нұрлы

Балалар аққаламен  
қоштасады.

**Күтілетін нәтиже:**

**Қайталай алады:** Қыс мезгілінің ерекшеліктерін, ауа райын, адамдардың киіну

ерекшеліктерін.

**Түсінеді:** Аққала жасау жолдарын және әшекейлеу тәсілдерін түсінуі.

**Қолдана алады:** Аққаланы жасай білуі.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.